

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Екібастұз қаласы мұқтаж азаматтарының жекеленген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 тамыздағы № 50/9 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қыркүйекте № 5234 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 220/26 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 23.01.2018 № 220/26 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, мұқтаж азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, Екібастұз қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Екібастұз қаласы мұқтаж азаматтарының жекеленген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының әлеуметтік, мәдени дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Садвакасов*

*Б. Құспеков*

Екібастұз қаласы мәслихатының  
2016 жылғы 19 тамыздағы  
№ 50/9 шешімімен  
бекітілді

# **Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Екібастұз қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді.

## **1. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысындағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө Бұйрығымен (бұдан әрі - жиынтық табысын есептеудің Ережесі) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің Ережесіне сәйкес анықталады;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциалық емес акционерлік қоғамының филиалы Павлодар облысы бойынша зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығы департаментінің Екібастұз қалалық бөлімшесі;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті Екібастұз қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде уәкілетті органмен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Жекеленіп алынған санаттағы алушыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 2) Жеңіс Күні - 9 мамыр;
- 3) 1 қазан - Халықаралық қарттар күні;
- 4) қазан айының екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Павлодар облысының жергілікті атқарушы орган бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

8. Әлеуметтік көмек Екібастұз қаласының аумағында тұрақты тұратын келесі азаматтардың санаттарына ұсынылады:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

2-1) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға;

2-2) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

2-3) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер Министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

2-4) 1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі - АЭС) апаттың зардаптарын жоюға тікелей қатысқан адамдарға;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

3-1) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге;

3-2) әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдарға;

3-3) Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға;

3-4) Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда:

4-1) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан ( хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

4-2) болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некелеспеген әйелдеріне (күйеулеріне);

4-3) Ұлы Отан соғысы жылдары тылда атқарған қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестер Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға;

4-4) 1988 - 1989 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға тікелей қатысқан адамдарға;

5) зейнет жасына жеткен тұлғаларға, нақтырақ айтқанда:

5-1) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға;

5-2) ең төменгі мөлшерде зейнетақы мен жәрдемақы алатын азаматтарға;

5-3) ең төменгі мөлшерде зейнетақы мен жәрдемақы алатын 80-нен және одан да жоғары жас мөлшеріндегі азаматтарға;

6) мүгедектерге, оның ішінде:

6-1) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

6-2) 1, 2 топтағы мүгедектерге;

6-3) кәмелетке толмаған балалары бар мүгедектерге;

6-4) аймақтық, республикалық, халықаралық спорттық іс-шараларға қатысатын мүгедектерге;

7) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

8) әлеуметтік-маңызы бар аурумен ауратын азаматтарға, атап айтқанда:

- 8-1) онкологиялық аурулармен зардап шегуші тұлғаларға;
  - 8-2) туберкулез ауруынан зардап шегуші тұлғаларға;
  - 8-3) адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шеккен тұлғаларға;
  - 9) аз қамтамасыз етілген азаматтарға, атап айтқанда:
    - 9-1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды алушылар қатарынан көп балалы аналарға;
    - 9-2) отбасының жан басына шаққандағы кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінің бір мөлшерінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына;
    - 9-3) отбасының жан басына шаққандағы кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінің бір мөлшерінен аспайтын бір айға созылған дертке, жедел араласуды талап ететін дертке байланысты өмірлік қиын жағдайға тап болған және шұғыл немесе жоспарлы хирургиялық ота жасатқан азаматтарға;
    - 9-4) қайтыс болу сәтінде уәкілетті органда есепте тұрған жұмыссыздарға;
  - 10) бас бостандығынан айыру орнынан босатылған тұлғаларға;
  - 11) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан мүлкіне зиян келуіне байланысты өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға.
9. Табысын есептемей уәкілетті орган әлеуметтік көмекті көрсетеді:
- 1) атаулы күндер мен мерекелік күндерге бір жолғы әлеуметтік көмек:
    - 1-1) Жеңіс Күніне орай, 8-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5-1) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;
    - 1-2) Халықаралық әйелдер күніне орай, 8-тармақтың 9-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, өкілетті органның тізімі негізінде;
    - 1-3) Халықаралық қарттар күніне орай, 8-тармақтың 5-2), 5-3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;
    - 1-4) Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай, 8-тармақтың 6-1), 6-2), 6-3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;
  - 2) біржолғы әлеуметтік көмек:
    - 2-1) 8-тармақтың 6-3) тармақшасында көрсетілген санат үшін дәрі-дәрмек сатып алуға 5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде - өтініш, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, мүгедектігі туралы анықтама, балалардың туу туралы куәліктері, екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;
    - 2-2) 8-тармақтың 6-4) тармақшасында көрсетілген санат үшін аймақтық, республикалық, халықаралық жарыстарға дайындалу үшін 15 АЕК мөлшерінде –

"Екібастұз қаласы әкімдігінің спорт және дене шынықтыру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша уәкілетті органның тізімі негізінде;

2-3) 8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында сондай-ақ Екібастұз қаласының колледждерінде оқу ақысының толық құны (ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектептерінің мемлекеттік білім беру грантына үміткер болуға конкурстан өтпеген түлектері) мөлшерінде өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлігі, қорғаншы белгілеу туралы қаулы (ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар үшін), жалпы орта білімі бойынша аттестат немесе негізгі орта білімі бойынша куәлік, біріңғай ұлттық тестіден өткендігі туралы сертификат, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім балалар мен аз қамтамасыз етілген отбасылардың жалпы білім беретін мектептердегі түлектеріне Екібастұз қаласының колледждеріндегі оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау бойынша қалалық комиссияның шешімі, білім беру қызметтерін көрсетуге Екібастұз қаласы әкімінің, жоғары оқу орынның және/немесе Екібастұз қаласы колледжінің басшысының және студенттің қолдары қойылған үш жақты келісімшарт, екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;

2-4) 8-тармақтың 8-1) тармақшасында көрсетілген санат үшін, диспансерлік есепте тұрғандарға емделуге 7 АЕК мөлшерінде - өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, ауруын растайтын дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы, екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;

2-5) 8-тармақтың 8-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін, диспансерлік есепте тұрғандарға емделуге 5 АЕК мөлшерінде - "Екібастұз туберкулезге қарсы ауруханасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынмен ұсынылған тізімнің негізінде;

2-6) 8-тармақтың 8-3) тармақшасында көрсетілген санат үшін, диспансерлік есепте тұрғандарға емделуге 7 АЕК мөлшерінде- ЖҚТБ-мен күрес және оның профилактикасы бойынша облыстық орталығының Екібастұз бөлімшесімен ұсынылған тізімнің негізінде;

2-7) 8-тармақтың 9-4) тармақшасында көрсетілген санат үшін, жерлеуге 15 АЕК мөлшерінде - өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді, қайтыс болуы туралы куәліктің, қайтыс болу сәтінде есепте тұрғаны туралы уәкілетті органның анықтамалары, екінші

деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;

2-8) 8-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санат үшін, оңалтуға 5 АЕК мөлшерінде - Екібастұз қаласының ішкі істер басқармасымен ұсынылатын тізімнің негізінде;

2-9) 8-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санат үшін, 50 АЕК дейінгі мөлшерде өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, келтірілген зиянның дәрежесі мен төтенше жағдайдың фактісін растайтын құжаттар, жоғалған, бүлінген тұрғын үйдің тиесілігін растайтын құжаттар (жеке меншік құқығында тиесілілер үшін - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы берген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарының жоқтығы (бар болуы) жөніндегі анықтама, құқығын белгілейтін құжат, жалдау шарты), екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі, арнайы комиссия қорытындысы негізінде. Әлеуметтік көмекке өтініш жасау мерзімі табиғи зіл-зала немесе өрт туындалған кезден алты ай ішінде;

3) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

3-1) 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санат үшін, дәрі-дәрмек сатып алуға 1 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек - уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

3-2) 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санат үшін, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер және телефонның абоненттік төлемі шығындарын өтеуге, өткен айдағы тұрғын үйді ұстауға ұсынылған шығындар сомасының мөлшерінде өтініш, жеке басын куәландыратын және алушының мәртебесін растайтын құжаттың, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат негізінде;

3-3) 8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, уәкілетті органның тізімі негізінде, оқу кезеңінде тұруына, тамақтануына және тұрғылықты жеріне жол жүруіне Екібастұз қаласының колледждерінде оқитындарға 12188 теңге мөлшерінде, Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында 15235 теңге мөлшерінде;

3-4) 8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, Екібастұз қаласы колледждерінде және кәсіптік мектептерінде оқитын студенттердің арасынан Екібастұз қаласы бойынша қалаішілік жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) толық жол жүру құнының 50 % мөлшерінде, өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлігі, қорғаншы белгілеу туралы қаулы (ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар үшін), оқу орнынан анықтама, екінші деңгейдегі

банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;

3-5) 8-тармақтың 8-1) тармақшасында көрсетілген санат үшін, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Павлодар облыстық онкологиялық диспансері" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны және тұрғылықты орнына кері қайтуға жол жүру билеттері құнының нақты мөлшерінде - өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, емделу, зерттеу немесе кеңес беру туралы онколог-дәрігерімен берілген үзінді көшірмесі немесе анақтамасы, тиісті орынға және тұрақты орнына қайта қайтуға автомобиль немесе теміржол көлігінде қолданылған жол жүру билеттері екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде. Жыл ішінде қайтадан өтініш жасаған кезде - өтініштің, емделу, зерттеу немесе кеңес беру туралы онколог-дәрігерімен берілген үзінді көшірмесі немесе анақтамасы, тиісті орынға және тұрақты орнына қайта қайтуға автомобиль немесе теміржол көлігінде қолданылған жол жүру билеттері негізінде;

3-6) 8-тармақтың 8-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін, амбулаториялық емделу кезеңінде 5 АЕК мөлшерінде - "Екібастұз туберкулезге қарсы ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен ұсынылған тізімнің негізінде;

3-7) 8-тармақтың 8-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін, ауылдық жерде тұратын және амбулаторлық емделудегілер "Екібастұз туберкулезге қарсы ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына және тұрғылықты орнына кері қайтуға жол жүру билеттері нақты құнының мөлшерінде, "Екібастұз туберкулезге қарсы ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен ұсынылған тізімнің негізінде;

4) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

4-1) 8-тармақтың 2-3), 2-4), 3-3), 3-4), 4-4) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, 2 АЕК мөлшерінде сауықтыруға - уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

4-2) 8-тармақтың 2-2), 2-3), 2-4), 3-3), 3-4), 4-2), 4-4) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, 3,6 АЕК мөлшерінде тұрғын үй коммуналдық қызметтері бойынша шығындарды төлеуге - уәкілетті ұйымның тізімі негізінде.

10. Уәкілетті орган әлеуметтік көмекті табысын есептеп көрсетеді:

1) біржолғы әлеуметтік көмек:

1-1) 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін (ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектептерінің мемлекеттік білім беру грантына үміткер болуға конкурстан өтпеген түлектері), Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында, сондай-ақ Екібастұз қаласының колледждерінде оқу ақысының

толық құны мөлшерінде өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, туу туралы куәлік, үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді, адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді, жалпы орта білімі бойынша аттестат немесе негізгі орта білімі бойынша куәлік, бірінғай ұлттық тестіден өткендігі туралы сертификат, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім балалар мен аз қамтамасыз етілген отбасылардың жалпы білім беретін мектептердегі түлектеріне Екібастұз қаласының колледждеріндегі оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау бойынша қалалық комиссияның шешімі, білім беру қызметтерін көрсетуге Екібастұз қаласы әкімінің, жоғары оқу орынның және/немесе Екібастұз қаласы колледжінің басшысының және студенттің қолдары қойылған үш жақты келісімшарт, екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі негізінде;

1-2) 8-тармақтың 9-3) тармақшасында көрсетілген санат үшін, жедел араласудан кейін емделуге немесе оңалтуға 15 АЕК мөлшерінде - өтініштің, жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы, үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді, адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді, тиісті медициналық мекемеден анықтаманың (бір ай ішінде жарамды), екінші деңгейдегі банктегі немесе банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарындағы жеке шот нөмірі, арнайы комиссия шешімі негізінде. Әлеуметтік көмекке өтініш жасау мерзімі өмірлік қиын жағдай туындалған кезден алты ай ішінде;

2) ай сайынғы әлеуметтік көмек;

2-1) 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін уәкілетті органның тізімі негізінде, оқу кезеңінде тұруына, тамақтануына және тұрғылықты жеріне жол жүруіне Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқитындарға 15235 теңге мөлшерінде;

2-2) 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санат үшін, Екібастұз қаласы колледждерінде және кәсіптік мектептерінде нақты оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек алатын студенттердің қатарынан Екібастұз қаласы бойынша қалаішілік жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) толық жол жүру құнының 50 % мөлшерінде уәкілетті органның тізімі негізінде.

11. Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

12. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

13. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

14. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органдар бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

15. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Үлгілік қағидалармен бекітілген 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

16. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

17. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

18. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидалармен бекітілген 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

19. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

20. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

22. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

23. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23-1) Осы қағидалардың 19 және 20-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайда;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған жағдайда;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

27. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға қоныс аударған;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Қорытынды ереже**

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.